

ӘОЖ 81'373.45

ҒТАХР 16.21.29

<https://doi.org/10.48371/PHLS.2026.2.81.014>

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚАЗІРГІ АРАБИЗМДЕРДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ МЕН ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қарагулова Б.С.<sup>1</sup>, Қайрат А.<sup>2</sup>, \*Мухтарова С.С.<sup>3</sup>

<sup>1,\*3</sup> Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

<sup>2</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Қазіргі түркі тілдерінде жаңа діни атауларға қатысты мәселе өзекті, зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі. Себебі жаңа діни атаулардың тілімізде қолданыс аясы күннен күнге қарқынды түрде дамып келеді және олар төл сөздерімізді тілдік қолданыстан ығыстырып шығаруда. Бұл зерттеудің мақсаты – қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа діни атаулардың пайда болуы мен таралу себептерін анықтау, олардың мағыналық және функционалдық ерекшеліктерін талдау. Мақалада қазіргі қазақ және түрік тілдерінде актив қолданыста жүрген діни атаулар талданады. Діни атаулардың қарқынды түрде аталған тілдерде қолданысқа ену себептері сауалнама алынуы арқылы анықталады. Мақаланың зерттеу нысаны – қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа діни атаулар – сауалнамаға қатысқан респонденттер жауабының негізінде жинақталды, ал олардың мағыналарына талдау жасауда Р.С.Мухитдиновтың «Діни терминдер сөздігі» қолданылды. Жаңа діни атауларды зерттеу барысында тілімізге ерте кезеңде енген қазақ және түрік тілдеріндегі діни атаулармен қазіргі жаңа діни атаулар салыстырмалы тұрғыда қарастырылып, айырмашылықтары нақты дәлелдермен айқындалды. Аталған тілдердігі жаңа діни атаулардың тілдік қолданысқа белсенді ену себебі еліміздегі ислам дінінің ықпалымен тікелей байланысты деген тұжырым жасауға болады. Бұл осы мақсатта жүргізілген сауалнама нәтижелерінен анық байқалды. Зерттеу барысында ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалып, практикалық материалдармен байланыстырылды. Қазақ және түрік тілдерінде жаңа діни атаулардың қалыптасуына қатысты факторлар жан-жақты зерттелді, тұжырымдар жасалды. Талдау негізінде жаңа терминдердің негізгі лексикалық-семантикалық ерекшеліктері айқындалады. Алдағы уақытта басқа түркі тілдеріндегі діни лексикаға салыстырмалы түрде кеңірек талдау жүргізіп, оның жастар сленгіне және медиа дискурсқа әсерін зерттеу ұсынылады.

**Тірек сөздер:** экстралингвистикалық факторлар, төл сөз, кірме діни сөздер, тіл қызметі, диахрондық, синхрондық әдістер, жаңа атаулар, сөздік қор, тілдік ахуал

### **Кіріспе**

Ұлттың тарихи даму үдерісімен бірге тіл де қоса дамиды. Осы тұрғыдан келгенде тіл қабаттары үнемі өзгеріп, дамып, яғни сөздік қор үнемі жаңа сөздермен толығып отырады және кейде сөздер тілдік қолданыстан мүлдем шығып жатады, ал тілдің даму үдерісінің келесі бір кезеңінде тілдің пассив қабатындағы сөздер қайта жаңғырып, тілдің белсенді қабатынан орын алып жатады. Бұл тілдік заңдылық, себебі тіл – тарихи категория. Осы бағытта тілдегі болып жатқан барлық жаңалықтар мен құбылыстарды анықтауда тілдің негізгі қызметтері маңызды роль атқарады. Тілдің қоғамда бірнеше негізгі қызметі бар. Алдымен ол қарым-қатынас (коммуникативтік) құралы ретінде, сонымен бірге маңызды қызметтерінің бірі – кумулятивтік қызметін атқарады. Кумулятивтік қызмет, Р. Сыздықтың айтуы бойынша, «...ол сол тілде сөйлейтін халықтың санасын, мәдени-тарихи тәжірбиесін, дәстүрлік мұрасын ұрпақтан ұрпаққа, заманнан заманға, тарихи кезеңнен кезеңге жеткізіп, жалғастырып отыратын қызметі» [1, 3 б.]. Кез келген халықтың сан ғасырлық өмір жолы, басынан өткерген тарихи кезеңдері, тұрмыс-тіршілігі тілдің кумулятивтік қызметі арқылы қазіргі ұрпаққа жетіп, тілдің лексикалық қабатында бейнеленеді. Ал осы лексикалық қабаттағы сөздерге лексика-семантикалық талдаулар жасау барысында тілдің танымдық қызметіне жүгінеміз. Тілдің даму жолында экстралингвистикалық факторлардың әсерінен тілде ауыс-түйістер болып жататындығы белгілі. Ал тілдің қызметін зерттеуде кірме сөздердің пайда болу мәселесін қоса қарастыру – маңызды мәселелердің бірі.

Қазақ және түрік тілдерінің кірме тілдік қабаттарының ішінде ең мол қоры – араб тілінен енген сөздер. Бұның басты факторы – VIII ғасырдағы араб басқыншылығымен байланысты тарихи жағдай [2, 75 б.]. Осы жағдаймен байланысты ислам мәдениеті енді және ислам дінінің кеңінен етек жаюымен діни сөздер де тілімізге қарқынды түрде ене бастады. Дегенмен қазіргі қазақ тіліндегі діни атауларды екі кезеңге: ескі және жаңа діни атаулар деп бөліп қарастыру керек деп ойлаймыз. Ескі діни атаулар жоғарыда көрсеткендей тарихи оқиғамен байланысты тілімізге еніп, қазіргі таңда қазақ тілінің белсенді қабатының негізін құраса, ал қазіргі діни атауларды елдің ішіндегі саяси ахуалмен байланысты зерттеген дұрыс және бұл сөздер жаңа діни атаулар болып есептеледі. Ғалымдардың пікірінше, соңғы кездері тілімізде жаңа діни атаулардың қарқынды түрде пайда болуы елімізде діни ықпалдың өсуімен байланысты және ықпалдың дамуы отаршылдыққа қарсы күрестердің жаңа бағыттағы толқыны. Айтылған ойымызды А. Айталының сөзімен сабақтасақ, ғалымның айтуы бойынша, оның басты себептерінің бірі: «...экономикалық және саяси тәуелсіздікке қол жеткізу болса, отарсыздану зымыранның екінші сатысы мәдени және әлеуметтік тәуелсіздіктерден арылу болып отыр» [3, 3 б.]. Ал қоғамдағы кез келген жаңалық алдымен тілдің лексикалық қабатынан көрініс табатындығы

белгілі. Қоғамдағы жаңалықтарға байланысты жаңа ұғымдар, қолданыстар пайда болады. Ал жаңа сөздерді зерттеудің өзектілігін Р. Сыздықтың сөзімен айтсақ: «Лексикалық жаңалықтарды танып, біліп отырудың да қажеттілігі мен пайдасы орасан екендігін ескертудің өзі артық. Жаңа сөздер мен соны тіркестер тек лексикалық байлық қана емес, бүгінгі өміріміздің нақты көрінісі, «бұлтартпайтын құжаты» [1, 7 б.]. Қазақ тіліндегі тарихи жағдаймен енген арабизмдерді алғашқылардың бірі болып кезінде Л.З. Рүстемов зерттеп, олардың қазақ тіліне ену жолдары мен қалыптасуына және олардың мағыналарына талдау жасады [4, 76 б.]. Ал С. Кеңесбаева тілдің парадигмалық қызметі негізінде кірме сөздерді игеру мақсатында олардың фонологиялық жүйесін анықтайды [5, 84 б.], Р. Сыздық қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеу барысында қазақ тілінің негізгі қабаты – араб-парсы тілдерінен енген сөздер екенін көрсетеді [6, 5 б.]. Сонымен бірге Р.С. Мухитдинов қазақ тіліндегі ислам дініне байланысты сөздік жасап, араб тілі негізінде қалыптасқан ислам терминдерінің қолданылу аясы мен олардың мағыналық сипаты туралы баяндалады [7, 7 б.], Б.С. Карагулова көнерген сөздерді талдау барысында тіліміздегі тілдік қолданыстан шығып қалған, мағынасы жағынан көмескіленген араб-парсы сөздеріне этимологиялық талдаулар жасайды [8, 11 б.]. Жоғарыда көрсетілген ғалымдар да, жалпы қазақ тіліндегі араб-парсы тілдерінен енген сөздерді зерттеген басқа да ғалымдар да қазақ тілі сөздік қорының, әдеби тіл негізінің қалыптасуына осы араб-парсы сөздері әсер етті деген пікірді қолдайды. Қазақ тіліндегі ислам діни сөздерін зерттеген ғалым Р.С. Мухитдинов олардың тілімізге ену кезеңдері мен қолданыс аясын төмендегідей қарастырады: 1. Жиі қолданылатын актив қордан орын алатын сөздер; 2. Архаизмге айналған сөздер; 3. Тәуелсіздіктен кейін енген кірме сөздер [7, 7 б.]. Осы кезеңдерге, біздің ойымызша, қазақ тіліндегі жаңа діни сөздер деп тағы бір кезеңді қосуға болады, себебі қазіргі кезеңдегі діни сөздер әлі әдеби тілге ене қойған жоқ, тек ауызша формада қолданыста жүрген сөздер.

Араб тілінің ықпалы тек қазақ тіліне ғана әсер етіп қойған жоқ, жалпы барлық түркі тілдеріне өз ықпалын тигізді. Түркі тілдеріне араб сөздерінің ену жолдарын зерттеу ХІХ ғасыр аяғында басталды. Бұған Г.П. Снесарев (1969) [9, 14 б.], Д.Е. Еремеев (1990) [10], және соңғы жылдары зерттеген У. Кумисбаев (2019) [11] пен Н.М. Жанпейсова, Г.А. Кузембаева, Ж.А. Майданғалиева (2023) [12, 104 б.], Ömer Seyfettin [13], S.Çağatay [14], Бияров Б.Н. [15] еңбектерін атап кетуге болады. Ал қазақ тілінде қазіргі таңда пайда болып жатқан жаңа діни атаулар тіл білімінде әлі зерттеле қойған жоқ, себебі ол дәл қазіргі кезеңде болып жатқан үдеріс. Сондықтан да тіл білімінде жаңа діни арабизмдерді зерттеу өзекті мәселердің қатарында. Қазіргі кезеңдегі жаңа діни атаулар қазақ әдеби тілінің дамуына әсер етпейді, керісінше тіліміздегі бар сөздерді ығыстырып, тілдік қолданысқа енуде. Себебі тілімізге еніп жатқан сөздердің қазақ танымына сай атаулары

қолданыста бар. Мысалы, *сурух- ауыз бекіту, ифтар – ауыз ашу, мұбарак болсын – қабыл болсын т.с.с.* Осыған байланысты аталған сөздерді зерттеп, олардың тілімізге жаппай енуіне тосқауыл қоюымыз керек деп ойлаймыз.

Кез келген тілдің сөздік қоры сол тілдің өз элементтерінен ғана емес, сонымен қатар кірме сөздер қабатынан да тұратыны белгілі. Ал осы кірме сөздердің тілімізге ену себептерін қоғамдағы болып жатқан жаңалықтармен байланысты қарастыру мен лингвистикалық және мәдени білім жүйесін жүзеге асыруда ежелгі атауларды зерттеу де өзекті мәселелер қатарында [12, 25 б.]. Қазақ тілінің тілдік қабаттарының негізгі бөлігі араб-парсы тілдерінен енген сөздер екені белгілі. Бұл қатардағы сөздер қазақ тіліндегі оқу ағартуға, білімге, күнделікті тұрмыс-тіршілікке қатысты сөздер және олар қазақ тілінің тілдік заңдылықтарына бағынып, төл сөзіміздей болып, әдеби тіліміздің негізінің қалыптасуына себепші болған сөздер. Дегенмен соңғы кезде еліміздегі саяси-қоғамдық жағдайларға байланысты тілімізге араб тілінен басқа да діни сөздердің енуі алаңдатып отыр.

Бұл мақаланың мақсаты – соңғы кезеңде қазақ және түрік тілдеріне еніп, тілдік қолданыста белсенді сөздер қатарынан орын алып жүрген араб тілінің діни сөздерін зерделеу. Аталған мақсатқа жету барысында төмендегідей міндеттер қойылды: қазақ, түрік тілдеріндегі жаңа діни атауларды жинақтау; аталған сөздердің тілімізге ену себептерін анықтау; қолданысқа енген жаңа діни атауларды қазақ және түрік тілдеріндегі баламаларымен салыстыру; олардың қолданыс аясын нақтылау. Жоғарыда көрсетілген мақсат-міндеттерді орындау барысында атқарылған жұмыстар мақаланың маңыздылығын арттырады, себебі қазіргі қазақ, түрік тілдеріндегі тілдік қолданыстағы жаңа діни атаулар қазақ тілінің дамуына кері әсерін тигізеді, қазақ тіліндегі қазақ танымына сай, мәдениетімен байланысты сөздерді қолданыстан ығыстырып шығарады. Мысалы, тіліміздегі *ауызашар* сөзі *ифтар, ауыз бекіту – сухур, тамаша – машалла, қабыл болсын – мұбарак болсын* т.с.с. Сондықтан ғалымдар алдында маңызды, кезек күттірмейтін мәселелердің бірі – қазақ танымына сай емес, соңғы кезде пайда болып жатқан сөздерді зерттеп, олардың тілімізге енуіне тосқауыл қою. Олардың, яғни тілімізге жаппай еніп жатқан жаңа діни атауларды зерттеп, зерделей отырып, тілімізге ену себептерін анықтау арқылы оның салдарымен күресу – қоғамдағы басты мәселелердің бірі. Аталған бағыттағы зерттеулер қазақ тіл білімінде әлі толық қарастырылмаған, тың мәселелердің қатарында. Авторлардың мақсаты – көпшілік қауымға аталған сөздердің қазақ тілі мен түрік тілінде баламалары бар екенін түсіндіру, насихаттау, дәлелдеу.

Зерттеу нысаны – қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа діни атаулар.

Зерттеу пәні – мақаланың мазмұнына қатысты материалдарды магистранттар мен докторанттар, ғылыммен айналысатын жастар, жалпы аталған мәселе қызықтыратын көпшілік қауым ғылыми жұмыстарына

практикалық және теориялық материалдар ретінде пайдалана алады. Сонымен қатар филология бағытында білім алушыларға «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы», «Неология», «Терминология», «Тіл біліміне кіріспе», «Жалпы тіл білімі» пәндері бойынша тілдің қызметіне қатысты тақырыптарда практикалық сабақтар барысында қолдануға болады.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Зерттеу мақсатымызға қатысты ғылыми еңбектерге шолу жасау барысында сипаттау, салыстыру, салғастыру әдістері қолданылды. Араб тілінен еніп жатқан сөздердің мағынасын қазақ тіліндегі баламаларымен салыстыру барысында салғастыру әдісі, түрік тілімен салыстыру барысында салыстырма әдістері қолданылды. Сонымен бірге тіліміздегі діни сөздерді анықтау, олардың қолданыс аясын нақтылау мақсатында бақылау, салыстыру үшін эмпирикалық әдіс, сұқбат, сауалнама алу барысында диагностикалық әдіс және статистикалық әдіс қолданылды. Діни атаулардың мағынасына талдау жасау барысында лексикографиялық, лингвистикалық әдістер, сөздердің тілімізге ену кезеңдерін анықтау үшін тарихи-салыстырмалы, диахрондық, синхрондық әдістер пайдаланылды.

Мақалада талданған сөздер, негізінен, респонденттер жауаптарынан алынды, осы тұрғыда жоғарыда көрсеткеніміздей, сауалнама алу әдісі мен диагностикалық және статистикалық әдістер қолданылды. Ал кейбір мағыналары ашылмаған діни атаулардың мағыналарына талдау жасау барысында «Діни терминдер сөздігі» пайдаланылды, осы мақсатта лексикографиялық, семантикалық әдістер қолданылды.

### **Нәтижелер**

Қазіргі қазақ тілінде жаңа діни атаулардың белсенді қолданысқа ие болып жатқанын байқамау мүмкін емес. Зерттеулер жүргізуіміздің басты себебі осы жайттар болды. Осы атаулардың, әсіресе, қазақ тілінде қарқынды дамып жату себебін анықтау барысында сауалнама алған болатынбыз. Дәл осы жайттың басқа түркі тектес тілдерде қалай жүріп жатқанын байқау мақсатында түрік тілінде сауалнама жасалып, түрік ағайындарынан да алдық. Алдымен қазақ тіліне қатысты сауалнама нәтижереліне тоқталайық. Сауалнама жауаптарын талдай отырып, төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік:

1. Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі – 15–25 аралығындағы жастар, негізі – студенттер;
2. Сауалнамаға жауап берушілердің негізгі бөлігі араб сөздерінің тілімізге жаппай енуін мұсылманшылыққа бет бұруымен байланыстырады;
3. Қазіргі тілдік қолданыстағы ең тараған араби сөздер, негізінен, *ифтар*, *сурух*, *мұбарак болсын*, *машалла*, *иншалла*, *махр* сөздері. Бұл сөздерден ораза ұстаушылардың санының артуымен байланысты. Сонымен

қатар соңғы кезде «*Алланың сыйы*» мағынасындағы *Хадия* сөзінің қыз балаларға есім ретінде берілуі көбейген;

4. Араб сөздерінің мағынасын түсінбесе де, көпшіліктің қолданысында жүрген сөздерді қолдана берушілер де кездесті;

5. Араб тілі сөздерінің қазақ тіліне енуіне «*қарсы*» және «*қарсы емеспін*» деген жауаптардың айырмашылық ара салмағы көп емес. Бұл сауалнаманың жауабы уақыт өте келе араб тілінің сөздері төл сөздерді тілдік қолданыстан мүлдем ығыстырып шықпай ма деген күдік тудырады;

6. Дегенмен араб тілі сөздерінің сол күйінде тілімізге енуіне қарсы жауаптар болды, мағыналас сөздер кездессе, қазақ тіліндегі нұсқасы тілдік қолданыста жүру керек деген пікірлер қазақ тіліне деген көзқарастарының оң екенін білдіреді. Ал қарсымын, қазақыландырғанда мағына өзгеріп кетеді, дін ортақ деген пікірлерді, біздің ойымызша, арнайы діни білімі бар адамдар жазған болуы керек;

7. Қазіргі қазақ тілінде пайда болып жатқан діни атаулардың қазақ тілінде баламалары бар;

8. Қазіргі қазақ тіліндегі қолданыста жүрген діни атаулар сөздік қорымызды байытпайды;

9. Қазақ тілінде баламасы бар діни атаулардың тілімізге жаппай енуіне тосқауыл қойылуы керек.


### **Талқылау**

Соңғы кездері қазақ тілінде бұрын кездеспеген, тілдік қолданыста болмаған жаңа араби діни сөздер пайда болуда. Аталған сөздердің пайда болуы, біріншіден, экстралингвистикалық факторлардың әсері. Осы сөздердің пайда болу себептері мен қолданысын анықтау мақсатында сауалнама жүргізген болатынбыз. Соның нәтижесіне тоқталайық. Сауалнамаға 70 респондент қатысты, оның 71% студенттер, 21% мұғалімдер (ЖОО оқытушылары да бар), өзге сала қызметкері – 2,9 %, мемлекеттік қызметкер саны – 4,3%. Ал сауалнамаға жауап берушілердің жас ерекшеліктер санына келетін болсақ, 77,1% – 15-25 жас аралығында, 11,4% – 45-55 жас аралығы, 5,7% – 35-45 жас аралығы, 2,9% – 25-35, аралығы, 2,9% – 55-65 жас аралығы.

Тақырып мазмұнын аша түсу мақсатында бірнеше сұрақтар қойылды. Енді сұрақтар мазмұны мен жауаптарды талдауға келейік (Респонденттердің жауаптары өзгертілмей сол қалпында алынды).


1. *Жаңа діни атаулардың қазақ тілінде белсенді тілдік қолданысқа ие болуын немен байланыстырасыз?* деген сұрақтың ең басым бөлігін (63,5%) ислам дінінің белсенді насихатталуы деген жауап қамтиды, 20,6% еліктеуден десе, 14,3% замануи қолданыс деп есептеген, 1,6% қазақ тілінде баламалары жоқ деп жауап берген. Сауалнама ішінде ең көп жауап – ислам дінінің насихатталуының нәтижесінде тілімізде араби діни атаулары көбейіп

кетті деген жауап болып тұр. Шынымен де, қазіргі таң имандылыққа бет бұрған кезең болды, халықтың жаппай ораза ұстап, мешітке баруымен байланысты. Осы бағытта арнайы мешітке барып, имандардан сауат ашып жүргендер саны да көбейіп келеді. Дегенмен сауалнама жауаптарынан жай еліктеу барысында заманауи сөздер ретінде ғана қолданушылардың да кездесетіндігін байқауға болады (Сурет 1).



Сурет 1 – Діни атаулардың пайда болу себептері

2. *Тілдік қолданыста жүрген діни атаулардың қазақ тіліндегі баламаларын білесіз бе?* сұрағына 85,5% – ия десе, 14,3% – жоқ деп жауап берген. Бұл жауаптардан қолданыста жүрген діни атаулардың мағыналарын түсінбей де қолдана беретіндердің бар екенін көреміз. Бұл ешқандай діни білімі жоқ адамдардың да араб сөздерін қолдана беретіндігін білдіреді (Сурет 2).



Сурет 2 – Діни атаулардың қазақ тіліндегі баламалары туралы білімдерінің көрінісі

3. *Діни атаулардың қазақ тілінде белсенді қолданысқа енуіне көзқарасыңыз* деген сұрақ қойылған болатын. Жауаптары: Қарсымын – 45,2%, қарсы емеспін – 37,1%, бәрібір – 17,7%. Қазақ тілінде діни атаулардың жаппай қолданылуына қарсы болғандардың саны басым болып тұрғанмен, қарсы емеспін деген жауап та аз емес (айырмашылығы – 8,1%-ды құрап тұр). Біздіңше, бұл мәселе ойландырытын мәселе болып табылады (Сурет 3).



Сурет 3 – Респонденттердің діни атаулардың белсенді қолданысқа енуіне көзқарасы.

4. Қазіргі қазақ тілінде қандай жаңа діни атаулар қолданыста жүр?

Кесте 1. Жаңа қолданыстағы діни атаулар

<i>ифтар сөзі</i>	21
<i>сухур</i>	16
<i>машалла/ машаллаһ</i>	7
<i>иншаллах /иниалла/иниаллаһ</i>	5
<i>халал</i>	4
<i>хадия</i>	3
<i>мұбарак болсын</i>	3
<i>маһр</i>	3
<i>ақи/ахи</i>	3
<i>харам</i>	2
<i>астағфируллаһ</i>	2
<i>альхамдулиллаһ/элхамдулиллах</i>	2
<i>жаиз</i>	1
<i>макрух</i>	1
<i>дұға</i>	1
<i>сүннет</i>	1
<i>субханалла</i>	1
<i>хиджаб</i>	1
<i>махрам</i>	1
<i>тарауих</i>	1
<i>намазхан/ намазды</i>	1
<i>хадис</i>	1
<i>мұмин</i>	1
<i>мәзхаб</i>	1
<i>сахаба</i>	1

Сауалнамада жауаптарынан алынған қазіргі қазақ тілінде қандай жаңа діни атаулары кестеге кему ретімен орналыстырылды (кесте – 1). Барлығы

25 сөз берілген, олардың ішінде соңғы кезде пайда болған сөздермен қатар, тілімізде бұрыннан да қолданыста жүрген сөздер кездеседі. Жауаптар ішінде «ешқандай сөз білмеймін» деген екі жауап кездесті.

5. *Қазіргі қазақ тілінде қолданыста жүрген діни атаулардың қазақ тіліндегі баламаларын көрсетіңіз* деген сұрақ берілген болатын (*жақшиа ішіндегі саны неше рет кездескенін білдіреді*). Жауаптарға тоқталайық: *сухур* – сәресі (ауыз бекіту) (24), *мұбарак болу* – қабыл болсын (2), *құтты болсын* (1), *жайз* – рұқсат емес (1), *харам* – арам (3), *халал* – адал (2), *макрух/мәкрух* – 1(*баламасы көрсетілмеген*), *хадия* – сыйлық (2), *машалла* – тамсану, *бәркелді* (6), *умма* – анасы (1), *аллаху Акбар* – Алла ұлық (1), *махрам* – туыс (1), *фажр* (1), *зухр* (1) – (*баламалары берілмеген*), *мұнафих* – екіжүзді (1), *алим* – мәлім (1), *иншаллаһ* – бұйырса (7), *маһр/маһр* – неке қиылғанда қалыңдыққа берілетін сыйлық, қалыңдық қалауы (2). Жауап негізінде – 17 сөз көрсетілген, оның ішінде 3 сөзге (*макрух*, *фажр*, *зухр*) анықтама берілмеген. Дегенмен біз бұл сөздерді сөздіктерден қарап көргенбіз: *зуһл* сөзін кездестірдік: *Зуһл* – дүниеге қызықпау, «Шариғат тыйым салған харам, күмәнді істерден және адамдардың қолындағы байлыққа қызығудан аулақ болу «Зуһл» деп аталады» деп түсінік берген. Сауалнамадағы *зухр* – осы сөз шығар деп ойлап отырмыз [15, 35 б.]. Ал *фажр* сөзіне: «Таң. Таңның атуымен таң намазының уақыты келеді. Таң намазы «фажр намазы деп аталады»» – деп анықтама берген [12, 120 б.]. Сол сияқты сауалнама жауаптарында кездестен *макрух/мәкрух* сөзі сөздіктерде кездеспеді, аталған сөз мағруф сөзінің фонетикалық өзгеріске түскен нұсқасы болар деген ойдамыз. Ал *мағруф* сөзі: «*мағруф* – шариғат мен ақыл-парасат жақсы әрі пайдалы деп санаған нәрселердің бәрі» деген ұғымды білдіреді [12, 57 б.].

6. *Араб тілінен енген енген сөздер, негізінен, қазақ тілінің тілдік заңдылықтарына ыңғайланып енді, қазіргі таңда осы сияқты сөздер түпнұсқа тіліндегі формасын сақтау керек деген пікірлер қалыптасты. Осыған көзқарасыңызды жазып кетсеңіз* деген сауалнама сұрағына әртүрлі көзқарастар айтылған. Жеке тоқталып кетсек, *қарсымын деген мағынада: 1. қазақ тілінде жазылу керек, 2. қарсымын, біз араб емеспіз, төл тілімізде айтылуы керек, 3. өз тіліміздің заңдылығы сақталғаны дұрыс, 4. қолдаймын, 5. қазақ тілі шұбарланады. 6. қазақ тіліндегі баламасын қолдану керек, 7. өз тілімізге ыңғайлау керек, әр тілдің ерекшелігіне ыңғайланып айтылуы керек, 8. әр кірме сөздерді өз ерекшеліктеріне қарай бейімдеп алу заңдылық. Сондықтан тілімізге ата-бабамыз қалай енгізді, солай қалуы керек». 9. «Аллаһ атауынан басқа, тілімізге енген сөздерге қазақша атауы болуы тиіс»* – деген пікірлер (27) кездесті.

Дегенмен түпнұсқа тіліндегідей формасы сақталуы керек деген пікірлер де бар: 1. *«Кейбір сөздерді қазақ тілінің заңдылықтарына икемдеу кейде екіұшты түсінік қалыптастырады. Сондықтан барлық сөздерді қазақыландыра беру де дұрыс емес. Себебі бір елдің сөздерін қолданғымыз*

## Қазақ және түрік тілдеріндегі қазіргі арабизмдердің трансформациясы ...


келсе де, кейде оның қазақ тіліндегі баламасын тауып, заңдылықтарымызға енгізу нормаға сай болмай қалады». 2. «Діни атаулар барша әлемге ортақ атау болғаннан кейін, оны тілімізге төселте алмаймыз. Аллах – Алла, Иәркәмукаллаһ - жәрікімалла» деп қолдана алмаймыз. Себебі діни атаулар барша әлемде түпнұсқасында қолданылады. Неге қазақ тілі ерекшелену керек? 3 «Мүмкіндік болса, түпнұсқа тіліндегі формасын еш өзгеріссіз қолдану керек деп ойлаймын. 4. «егер қазақ тілінің заңдылығына сай қолданатын болсақ, мағына өзгеріп кетеді, алладан басқа нәрсе сұрап отыруымыз мүмкін».

Сонымен бірге бұл бағыттың ешқайсысына да қосылмайтын пікірлер де кездесті: 1. «сөз мағынасын жоғалтпаса болды», 2. «әр адамның қабылдауына байланысты», 3. «нейтрал көзқарастамын», 4. «қалай айтылса да, мағынасын түсінсек болды», 5. «қай тілде қолданылса да, мағынасы өзгермейді», 6. «маған бәрібір», 7. «өз формасында да, қазақ тілінде де қолданылса да қарсы емеспін», 8. «маған екі тілде де айту ыңғайлы», 9. «қалай айту әрбір адамның өз еркінде», 10. «көзқарасым бәріне жақсы» (10).

Жауаптар арасында 1. «мамандар не десе, соған сенемін», 2. «бірыңғай араб тіліндегі формасын сақтасақ, қазақ тіліндегі баламалары қолданыстан шығып қала ма деп сескенемін» деген пікірлер де кездесті.

Зерттеу барысында тағы бір байқағанымыз бір сөздің бірнеше нұсқада қолданыста жүргенін де байқауға болады: алла – аллах, иншалла – иншаллах, машалла – машаллах, махр – маһр. Бұның өзі жаңа діни атауларында бірізді жазу нормасының қалыптаспағандығын көрсетеді және бұл сауатсыздыққа әкеледі.

Зерттеу барысында басқа да түркі тілді қоғамда бұл үдеріс қалай болып жатқандығы туралы білу үшін түрік тілді аудиторияға сауалнама жүргізген болатынбыз. Сауалнамаға жалпы саны 59 респондент қатысты. Олардың ішінде 15-25 жас аралығында 36, 25-35 жас аралығында 8, 35-45 жас аралығында 12, 45-55 жас арасында 3 респондент қатысты. Әлеуметтік статус жағынан басым студенттер мен оқытушы/мұғалімдер.



Сурет 4 – Респонденттер туралы ақпарат


Сауалнама Google форма арқылы алынғандықтан респонденттер Түркияның әртүрлі қалаларының жауап берген: Стамбұл, Измир, Костомон, Мұғыла, Анкара университеті оқытушылары мен студенттері. Сондай-ақ олардың білімі мен тұрғылықты жеріне байланысты берілген сауалнама толық зерттеу сипатын ашып бере алады деп айта алмаймыз. Тек сауалнама арқылы Түркиядағы жағдаймен аз да болсын танысқандай боламыз. Сонымен бірге сауалнамаға Ақтөбе, Түркістан қалаларындағы түрік тілін терең меңгерген ЖОО студенттері де жауап берді.

Сауалнамамызда «*Şu anda Türkiye Türkçesindeki hangi yeni dini terimler kullanılmaktadır? Örnekler veriniz. Mesela, Mütedeyyin!*» (Қазір түрікшеде қандай жаңа діни терминдер қолданылады? Мысал беріңіз. Мысалы, Mütedeyyin!) деген сұраққа жауап берушілердің пікірлері әр түрлі болды. Көптеген қатысушы Ислам дініне қатысты *Selamunaleyküm, Aleykümselem, Nasip, Kısmet, Rızık, Şükür, mübaker olsun, inşallah, Allah kabul etsin, maşallah, Allah bağışlasın, hayırlı olsun, Adabımuaşeret, alimallah, Dindar, muhafazakar, mazbut, Mütedeyyin, Mütemadiyen, Estağfirullah, Bilmukabele, Mübarek, Kafir, Mümin, Takva, Sabır, Tevekkül, Mutaassıp, nas, Akılbali, Sukur, iftar, Namaz, Oruç, istiğfar, ahiret, Müstehap, vacip, farz, Din, Allah, kitap, kuran, İmam, Tebliğci, Mürşit, mürit, sahih (hadis), mürtet, münkir* т.б. сөздермен жауаптаған. Ислам дініне қатысы болмаған жауаптар да бар. Оларға *Tirkizgen, Seküler, agnostik, deist, Spritualizm, Tanrı* секілді сөздерді айтсақ болады. Кейбір жауап берушілер «*Ben kullanmıyorum*» (қолданбаймын) деп жауаптаса, кейбірі жаңа терминдер білмеймін деп жауап берген. Біздің ойымызша да жоғарыда берілген жауаптарда жаңа немесе жаңғырған терминдер көре алмаймыз. Өйткені бұл сөздердің барлығы дерлік жалпы халыққа ескіден таныс сөздер және жаңа терминдер қатарына жатпайды. Оған себеп Ислам діні бойынша жаңа деп жауапталған сөздер бұл діннің түріктерге ертеден келіп сіңіп кетуінен, османшадан мұра ретінде араб-парсы сөздерінің халық арасында сақталуынан деп түйеміз. Осындай жайттарды ескерсек жаңа діни терминдерді білмеймін деген жауаптардың қисынды екеніне біз де қосыламыз.

Келесі сауалымыз «*Arapça dini terimlerin Türkiye Türkçesinde aktif dil kullanımı kazanmasını neyle ilişkilendirirsiniz?*» (Арабша діни терминдердің түрікшеде белсенді қолданыс табуын немен байланыстырасыз?) деген сұрақ болатын. Жауаптардың ішінде 38 адам «Ислам дінінің белсенді түрде таралуымен байланыстырса», 12 адам «еліктеуден», 5 адам «түрікшедегі баламаларына қарағанда мағыналары түсініктірек», 2 адам «түрікшеде баламалары жоқ», 1 адам «заманауи қолданыс» деп жауап берген. Басым жауап Ислам дінінің ықпалынан арабша бірліктердің белсенді қолданыста екендігін алға тартады. Бұл жауапқа біз де келісеміз. Тіпті көптеген арабша сөздер көп уақыттан бері түрікше ретінде қабылданған, яғни тілдік бірліктер мен тіркестердің түрік тіліне сіңіскендігі қатты байқалады. Соның


## Қазақ және түрік тілдеріндегі қазіргі арабизмдердің трансформациясы ...

нәтижесінде біз қай сөздің қандай тілден келетіндігін арнайы сөздіктер арқылы біле аламыз. Араб-парсы сөздерінің түрік тілінің ажырамас бір бөлшегіне айналғанын осы жауаптар арқылы да пайымдай аламыз. 12 адам түріктердің арабтарға еліктеу арқылы деген жауабына тоқталсақ, бұл жауаптың түбінде осы Ислам дінінің ұлттық болмысқа сіңісуі жатқанын аңғара аламыз. Еліктеу сыртқы келбетпен қатар тілден де орын алатын құбылыс екені мәлім. Еліктеудің нәтижесі белгілі бір өзгеріске алып барады. Қазіргі түрік тілінің осылай болуына араб-парсы тілінің дін арқылы әсер еткендігін айтпасақ та түсінікті нәрсе деп білеміз.



Сурет 5 – Түрік тілінде арабизмдердің қолданылуының себептері

*Келесі «Dilin kullanımında olan Arapça dini terimlerin Türkiye Türkçesindeki karşılıklarını biliyor musunuz?» («Тілдік қолданыста жүрген араби діни атаулардың түрік тіліндегі баламаларын білесіз бе?») деген сауалға 30 респондент «Иә», 29 респондент «Жоқ» жауабын берген. Негізі көптеген діни сөздер түрікшеде араб тіліндегі нұсқасында және аздаған фонетикалық өзгеріске ұшыраған түрде қолданылады. Кейбір сөздерді нақ түрікше дей аламыз (Мыс.: *ouç, tanrı, elçi* vs.). Айта кететін нәрсе діни сөздерде араб тіліне тән емес, түрік тілінің төл дыбыстары көптеп кіріктірілген. Мысал ретінде *Selamunaleyküm, Aleykümselem, Şükür, Mütedeyyin, Mübarek, Mümin, Müstehap, Mürşit, mürit, mürtet, münkir*. Бұл мысалдардан түркі тілдеріне ортақ «ү» төл дыбысын көрсек болады.*



Сурет 6 – Түрік тіліндегі арабизмдердің баламаларын білу туралы ақпарат

Келесі «*Arapça dini terimlerin Türkiye Türkçesinde aktif bir şekilde kullanılmasına ilişkin görüşünüz nedir?*» (Арабша діни сөздердің түрікшеде белсенді түрде қолданылуына көзқарасыңыз?) деген сауалға 21 респондент «қарсымын», 22 респондент «бәрібір», 16 респондент те «қарсы емеспін» деп жауап берген. Бұл жауаптардан түйетініміз, арабша сөздердің орнына әлдеқайда түркіше сөздерді қолдану ниеті жатқан сияқты көрінеді. Алайда түрік тілді аудиторияда діни сөздермен қатар күнделікті және салалық арабша-парсыша сөздер кеңінен қолданылады. Бұлардан толықтай бас тарту мүмкін емес. Өйткені ол сөздердің шығу төркіні басқа тілдер болғаны болмаса, түрікшеде тұрақталған сөздер мен тіркестерге айналды.

Соңғы сауалымыз «Arapçadan alınan kelimeler, genellikle Türkiye Türkçesinin dilsel kurallarına uyarlanarak girdi, (örneğin Allah - Allah, Amin - Emin). Günümüzde ise bu tür kelimelerin orijinal dilindeki biçimlerinin korunması gerektiği görüşleri oluştu. Bu konuda görüşlerinizi yazınız» (Араб тілінен енген сөздер, негізінен, түрік тілінің тілдік заңдылықтарына ыңғайланып енді, (Мысалы аллах - алла, амин-эмин), қазіргі таңда осы сияқты сөздер түпнұсқа тіліндегі формасын сақтау керек деген пікірлер қалыптасты. Осыған көзқарасыңызды жазып кетсеңіз) деген болатын. Бұл сауалға әртүрлі пікірлер алдық. Бұл тақырыпта респонденттердің көзқарасы рөл атқарады десек болады. Бір респондент мынадай жауап жазған: «Бұл сияқты бейімделулер түрік тілінің табиғи тілдік дамуы ретінде қарастырылуы мүмкін, өйткені әрбір тіл кірме сөздерді өз құрылымына бейімдейді. Алайда бүгінде кейбір адамдар бұл сөздердің түпнұсқа арабша формасының сақталуы керек екенін жақтайды. Оның негізгі себебі — сөздің мағынасы мен мәдени контекстінің бұзылмауы керек деген ой. Әсіресе, діни терминдерде түпнұсқа формалардың сақталуы мағынаның тереңірек түсінілуіне және мәдени мұраның дұрыс жеткізілуіне мүмкіндік бере алады. Қорытындылай келе, тілдегі өзгеріс — табиғи үдеріс. Дегенмен, діни терминдердің мағынасы мен мәдени контекст тұрғысынан дұрыс әрі жүйелі қолданылуы үшін олардың түпнұсқа түрлерін сақтау мәселесінде тепе-теңдік сақтау маңызды. Бұл әрі тілдің өміршеңдігін қамтамасыз етеді, әрі мәдени құндылықтардың дұрыс жеткізілуіне үлес қосады» деген. Келесі бір респондент: «Сөздер жаулап алынған қалалар мен елдер секілді. Мысалы, Фатих Сұлтан Мехметтің Стамбұлды жаулап алғанға дейін Айя-София шіркеу болған, ал Фатихпен бірге мешітке айналды. Тілге енген сөздер де дәл осындай. Олар да адамның сөйлеу аппаратына, таңдай мен көмей құрылымына сай өзгеріске ұшырайды, мағынасы тарылуы немесе кеңеюі мүмкін. Тек халық тарапынан қабылданып, әдеби тілге енсе болғаны. Мысалы, «hasta» сөзі парсы тілінен енген, түпнұсқада «жаралы» деген мағына береді. Қазіргі парсы тілінде бұл сөз «шаршаңқы» деген мағынада қолданылады. Ал түрік тіліндегі мағынасы мен қолданыс аясы бәрімізге белгілі деп ойлаймын. «Hasta» — әрі мағынасы, әрі қолданылуы тұрғысынан

«жаулап алынған» сөз» деп жауаптаған. Тағы бір респондент: «Бұрын араб тілінен енген сөздер түрік тілінің дыбыстық және құрылымдық заңдылықтарына бейімделіп қолданылатын, бұл тілдің табиғи ағымын қамтамасыз ететін. Қазіргі кезде болса, сөздердің түпнұсқа қалпын сақтау қажет деген көзқарас белең алуда. Менің ойымша, тілдің табиғилығы мен халықтың қолдану дағдылары ескеріле отырып, сөздерді түрік тіліне бейімдеп қолдану анағұрлым дұрыс болар еді» десе, енді бірі: «Қазіргі таңда қолданылып жүрген түрік тілі, өкінішке қарай, «тілдік зорлыққа» ұшыраған тіл деп ойлаймын. Тілді жүз пайыз тазарту мүмкін емес екеніне сенемін, алайда түрік тілінде баламасы бар сөздердің (қалыптасып кеткен болса да) немесе жаңа терминдердің араб тілінен енгізілуіне қарсымын» деп өзінің келіспейтіндігін жеткізген. Соңғы сауал бойынша жауаптарды талдау барысында 5 респонденттің түпнұсқа тілдегі формасын сақтауды қолдаса, қалған респонденттер түрік тілінің фонетикалық заңдылықтарына икемдеп қолдану пікірінде екендігін көре аламыз, яғни діни сөздердің көбі түрік тілінің дыбыстық өзгерісіне ұшырап қазіргі күйіне жетті деуге болады. Жаңа діни терминдердің халық арасында арабша не парсыша формада таралуына барлық респонденттер қарсы болғандығын байқаймыз.

Қорытындылай келе, түрік тіліндегі араб-парсы діни сөздерінің жағдайы, қазақ тіліндегі жағдайға қарағанда басқаша дей аламыз. Өйткені географиялық жағынан Түркия араб елдеріне өте жақын, тарихта Осман патшалығының халифалық құрғандығы да араб тілінің түріктер үшін қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Араб тілімен бірге парсы тілінің сөздері түрік тілін гибриді тілге айналдырғаны даусыз. Сондықтан қазіргі қазақ тілінде діни сөздерді түпнұсқада қолдану секілді мәселе, түрік тілінде өзекті мәселе емес. Ұзақ мерзімді кезеңмен тұрақталған сөздер тек саяси идеологиялық тұрғыда қоғамда айтылуы мүмкін, алайда қарапайым халық арасында еркін қолданыстағы ұлттық сипаты бар тілдік бірліктер деп атай аламыз.

### **Қорытынды**

Жоғарыда айтып кеткендей, қазіргі қазақ тілінде қолданысқа белсенді түрде пайда болып жатқан жаңа діни атаулар – зерттелмеген тың тақырыптардың бірі. Дегенмен қазақ тілі даму тарихында араб-парсы тілдерінен енген, әдеби тіліміздің денін құрайтын сөздер жеткілікті. Дегенмен қазіргі замануи арабизмдер әдеби тілге енбейді деп ойлаймыз. Зерттеу нәтижелері бойынша төмендегідей қорытынды жасадық:

1. Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі – 15-25 аралығындағы жастар, негізі – студенттер;

2. Сауалнамаға жауап берушілердің негізгі бөлігі араб сөздерінің тілімізге жаппай енуін мұсылманшылыққа бет бұруымен байланыстырады;

3. Қазіргі тілдік қолданыстағы ең тараған араби сөздер, негізінен,

*ифтар, сурух, мұбарак болсын, машалла, иншалла, махр* сөздері. Бұл сөздерден ораза ұстаушылардың санының артуымен байланысты. Сонымен қатар соңғы кезде «*Алланың сыйы*» мағынасындағы *Хадия* сөзінің қыз балаларға есім ретінде берілуі көбейген;

4. Араб сөздерінің мағынасын түсінбесе де, көпшіліктің қолданысында жүрген сөздерді қолдана берушілер де кездесті;

5. Араб тілі сөздерінің қазақ тіліне енуіне «*қарсы*» және «*қарсы емеспін*» деген жауаптардың айырмашылық ара салмағы көп емес. Бұл сауалнаманың жауабы уақыт өте келе араб тілінің сөздері төл сөздерді тілдік қолданыстан мүлдем ығыстырып шықпай ма деген күдік тудырады;

6. Дегенмен араб тілі сөздерінің сол күйінде тілімізге енуіне қарсы жауаптар болды, мағыналас сөздер кездесе, қазақ тіліндегі нұсқасы тілдік қолданыста жүру керек деген пікірлер қазақ тіліне деген көзқарастарының оң екенін білдіреді. Ал қарсымын, қазақыландырғанда мағына өзгеріп кетеді, дін ортақ деген пікірлерді, біздің ойымызша, арнайы діни білімі бар адамдар жазған болуы керек;

7. Қазіргі қазақ тілінде пайда болып жатқан діни атаулардың қазақ тілінде баламалары бар;

8. Қазіргі қазақ тіліндегі қолданыста жүрген діни атаулар сөздік қорымызды байытпайды, себебі ол сөздердің қазақ ұғымына сай атаулары бар;

9. Қазақ тілінде баламасы бар діни атаулардың тілімізге жаппай енуіне тосқауыл қойылуы керек.

Ал түрік тіліне қатысты сауалнамалардың нәтижелерін талдау барысында қазақ тіліне қатысты проблемалық мәселелердің ол тілде тіпті жоқ екенін байқадық. Түрік тіліндегі араб-парсы діни сөздерінің жағдайы, қазақ тіліндегі жағдайға қарағанда басқаша дей аламыз:

1. Өйткені географиялық жағынан Түркия араб елдеріне өте жақын, тарихта Осман патшалығының халифалық құрғандығы да араб тілінің түріктер үшін қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді.

2. Араб тілімен бірге парсы тілінің сөздері түрік тілін гибриді тілге айналдырғаны даусыз. Сондықтан қазіргі қазақ тілінде діни сөздерді түпнұсқада қолдану секілді мәселе, түрік тілінде өзекті мәселе емес.

3. Ұзақ мерзімді кезеңмен тұрақталған сөздер тек саяси идеологиялық тұрғыда қоғамда айтылуы мүмкін, алайда қарапайым халық арасында еркін қолданыстағы ұлттық сипаты бар тілдік бірліктер деп атай аламыз.

Діни атаулар – қоғамдық қажеттілік. Оны тілдің дамуынан бөлек қарастыра алмаймыз, себебі олар қолданыстағы әлеуметтік құбылыс ретінде ана тілімен бір уақытта дамиды. Дегенмен қазақ тіліне еніп жатқан жаңа діни атаулардың қазақ тілінде баламалары болса, сол қазақ тіліндегі нұсқасы қолданылуы керек деп ойлаймыз. Қазақ танымы мен мәдениетіне сай төл сөздерімізді соңғы кездері тілімізге еніп жатқан кірме діни сөздердің

Қазақ және түрік тілдеріндегі қазіргі арабизмдердің трансформациясы ...  
ығыстырып шығуына қарсы бағыттағы жұмыстар жүргізілуі керек және бұл кезек күттірмейтін мәселелердің бірі.

### ӘДЕБИЕТ

[1] Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы, Арыс, 2009. – 272 б.

[2] Markhaba A., Zhemenev I., Rakhmetullin A.K., Bolatova K.B., Adilbayeva A.S. Medieval Kazakh History in Arab and Persian Sources // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. – 2021. – Vol. 13. – № 4. – Pp. 70-85.

[3] Айталы А. Жаңа діни ахуал: мүмкіндіктер мен қатерлер // Егемен Қазақстан, 4 қараша, 2011. – 3 б.

[4] Рүстемов Л. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы, Ғылым, 1982. – 160 б.

[5] Кеңесбаева С. Қазақ тіліндегі арабизмдердің фонетикалық модельдері. – Алматы, Ғылым 1987. – 84 б.

[6] Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, Арыс, 2004. – 288 б.

[7] Мухитдинов Р.С. Қазақ тіліндегі ислам діні сөздерінің қолданылу тарихы. – Астана, «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 260 б.

[8] Карагулова Б.С. Қазақ тіліндегі көнерген сөздердің этнолингвистикалық сипаты. – Ақтөбе, Колибри, 2019. – 133 б.

[9] Снесарев Г.П. Хорезм өзбектеріндегі мұсылмандыққа дейінгі нанымдар мен үлгілердің жәдігерлері. – Мәскеу, Ғылым, 1969. – 336 б.

[10] Еремеев Д.Е. Ислам: өмір салты және ойлау стилі. – Мәскеу, Саяси баспа, 1990. – 286 б.

[11] Kumisbaev U. The book exhibition «Shygystan shyrai izdegen» // National library of the republic of Kazakhstan – 2019. [https://nlrk.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=4900:the-book-exhibition-shygystan-shyrai-izdegen&catid=125&lang=en&Itemid=127](https://nlrk.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=4900:the-book-exhibition-shygystan-shyrai-izdegen&catid=125&lang=en&Itemid=127) 17.05.2024

[12] Zhanpeissova N.M., Kuzembayeva G.A, Maydangalieva Zh.A. Semantic development of Arabic-Iranian borrowings in the Kazakh language: Analysis of Religious concepts // Ресей халықтар достығы университетінің хабаршысы. Серия: Тіл теориясы. Семиотика. Семантика. – 2023. – №1. – Б.104-122.

[13] Ömer Seyfettin (Rumuzuyla). “Yeni Lisan”, Genç Kalemler Dergisi (Hazırlayanlar: İsmail PARLATIR, Nurullah ÇETİN). – Ankara, Atatürk Kültür, Dil ve Tarih Yüksek Kurumu Türk Dil Kurumu Yayınları, 1999. – S. 75-81.

[14] Çağatay S. Türkçede dinî tabirler. Necati Lügal Armağanı. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 1968. – S.191-198.

[15] Бияров Б. Н. Күлтегін ескерткішіндегі кейбір этнонимдердің

### REFERENCES

- [1] Syzdyq R. Qazaq tilindegi eskilikter men zhanalyqtar [Antiquity and news in the Kazakh language]. – Almaty: Arys, 2009. – 272 b. [in Kaz.]
- [2] Markhaba A., Zhemeny I., Rakhmetullin A.K., Bolatova K.B. and Adilbayeva A.S. «Medieval Kazakh History in Arab and Persian Sources» // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. – 2021. – Vol. 13. – №. 4. – Pp. 70-85.
- [3] Aitaly A. Zhana dini ahual: mumkindikter men qaterler [New religious situation: opportunities and threats] // Egemen Kazakhstan. – 4 November, 2011. – 3 b. [in Kaz.]
- [4] Rustemov L. Qazirgi qazaq tilindegi arab-parsy kirme sozderi [Arabic-Persian words in the modern Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1982. – 160 b. [in Kaz.]
- [5] Kenesbaeva S. Қазақ тіліндегі арабизмдердің фонетикалық модел’дері. [Phonetic models of Arabisms in the Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1987. – 84 b. [in Kaz.]
- [6] Syzdyq R. Qazaq adebi tilinin tarihy [The history of the Kazakh literary language]. – Almaty: Arys, 2004. – 288 b. [in Kaz.]
- [7] Mukhitdinov R.S. Qazaq tilindegi islam dini sozderinin qoldanylu tarihy [The history of the use of the words Islam in the Kazakh language], «Ruhani qundylyqtardy qoldau qory» korporativtik qory. – Astana, 2018. – 260 b. [in Kaz.]
- [8] Karagulova B.S. Qazaq tilindegi konergen sozderdin etnolingvistikalyq sipaty [The ethnolinguistic character of words in the Kazakh language]. – Aqtobe: Kalibri, 2019. – 133 b. [in Kaz.]
- [9] Snesarev G.P. Relikty do musulmanskih verovanii i obraztsov u uzbekov Horezma [Relics of pre-Muslim beliefs and images from Uzbek Khorezm]. – Moscow: Nauka, 1969. – 336 s. [in Rus.]
- [10] Ereemeev D.E. Islam: obraz zhizni i stil myshlenia [Islam: Lifestyle and style]. – Moscow: Politizdat, 1990. – 286 s. [in Rus.]
- [11] Kumisbaev U. The book exhibition “Shygystan shyrai izdegen”, // National library of the republic of Kazakhstan. – 2019. –[https://nlrk.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=4900:the-book-exhibition-shygystan-shyrai-izdegen&catid=125&lang=en&Itemid=127](https://nlrk.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=4900:the-book-exhibition-shygystan-shyrai-izdegen&catid=125&lang=en&Itemid=127) 17.05. 2024
- [12] Zhanpeissova N.M., Kuzembayeva G.A and Maydangalieva Zh.A. Semantic development of Arabic-Iranian borrowings in the Kazakh language: Analysis of Religious concepts // Vestnik Rossiiskogo universiteta druzhby narodov. – 2023. – Vol. 14. – № 1. – Pp. 104-122.
- [13] Ömer Seyfettin (Rumuzuyla). Yeni Lisan, Genç Kalemler Dergisi

Қазақ және түрік тілдеріндегі қазіргі арабизмдердің трансформациясы ...  
(Hazırlayanlar: İsmail PARLATIR, Nurullah ÇETİN). – Ankara, Atatürk Kültür, Dil ve Tarih Yüksek Kurumu Türk Dil Kurumu Yayınları, 1999. – S. 75-81.

[14] Çağatay S. Türkçede dinî tabirler. Necati Lügal Armağanı. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 1968. – S.191-198.

[15] Biyarov B.N. Kultegin yeskertkishindeki keibir ethonimderdin etimologiyasy [On the etymology of some ethnonyms in the Kultegin monument] // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL Series “Philological Sciences”. – 2022. – № 3 (66). – B.25-38. [in Kaz.]

## **ОСОБЕННОСТИ ТРАНСФОРМАЦИИ И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СОВРЕМЕННЫХ АРАБИЗМОВ В КАЗАХСКОМ И ТУРЕЦКОМ ЯЗЫКАХ**

Қарағұлова Б.С.<sup>1</sup>, Қайрат А.<sup>2</sup>, \*Мухтарова С.С.<sup>3</sup>

<sup>1,\*3</sup>Ақтөбінский региональный университет им.К.Жубанова  
Ақтобе, Қазақстан

<sup>2</sup>Қазақский национальный университет имени аль-Фараби  
Алматы, Қазақстан

**Аннотация.** В современных тюркских языках вопрос о новых религиозных наименованиях является одним из актуальных вопросов, требующих исследования. Это связано с тем, что сфера применения новых религиозных терминов в языке стремительно развивается изо дня в день и вытесняет исконные слова из языкового употребления. Целью данного исследования является выявление причин появления и распространения новых религиозных наименований в казахском и тюркских языках, а также анализ их семантических и функциональных особенностей. В статье анализируются религиозные названия, активно используемые в современном казахском и турецком языках. Причины интенсивного внедрения религиозных наименований в указанных языках выявляются с помощью анкетирования. Объект исследования статьи – новые религиозные наименования на казахском и турецком языках – обобщен на основе ответов респондентов, принявших участие в опросе, а в анализе их значений использован «Словарь религиозных терминов» Р.С. Мухитдинова. В ходе исследования религиозные названия, вошедшие в наш язык очень давно, были сопоставлены с появившимися новыми религиозными наименованиями и приведены доказательства их различия. Можно сделать вывод, что причина активного введения в языковое употребление новых религиозных названий напрямую связана с влиянием ислама в нашей стране. Это было ясно видно из результатов опроса, проведенного с этой целью. В ходе исследования проведен обзор трудов разных ученых, который затем был связан с практическим материалом. Были всесторонне изучены факторы, связанные с формированием новых религиозных названий в казахском и

турецком языках, сделаны выводы. На основе анализа выявлены основные лексико-семантические особенности новых терминов. В дальнейшем рекомендуется провести сравнительно более широкий анализ религиозной лексики в других тюркских языках и изучить ее влияние на молодежный сленг и медийный дискурс.

**Ключевые слова:** экстралингвистические факторы, исконное слово, заимствованные религиозные слова, функции языка, диахронические, синхронические методы, новые названия, словарный запас, языковая ситуация

## WAYS OF FORMATION OF NEW RELIGIOUS NAMES IN THE MODERN KAZAKH LANGUAGE

\* Karagulova B.S.<sup>1</sup>, Kairat A.A.<sup>2</sup>, \*Mukhtarova S.S.<sup>3</sup>

<sup>1,\*3</sup> K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

<sup>2</sup> al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** There are practically no scientific works and scientific articles devoted to new religious names in the modern Kazakh language. But this issue is one of the topical topics requiring study. It is connected with the fact that the sphere of application of new religious names in our language is rapidly growing, and they displace our native words from language use. The purpose of this study is to identify the reasons for the emergence and spread of new religious names in the Kazakh and Turkic languages, and to analyze their semantic and functional features. The article analyzes the religious names used by the asset in the modern Kazakh language. The reasons for the intensive use of religious names in our language are determined by a survey. The object of the article's research – new religious names in the Kazakh language – is summarized based on the responses of respondents who took part in the survey, and the «Dictionary of Religious Terms» by R.S. Mukhitdinov is used in the analysis of their meanings. During the study of new religious names with religious names that entered our language at an early stage, the modern new religious names were examined in a comparative light, and the differences were revealed by concrete evidence. It can be concluded that the reason for the active entry into the linguistic use of new religious names in our language is directly related to the influence of Islam in our country. This was clearly evident from the results of the survey conducted for this purpose. In the course of the study, the works of scientists were reviewed as theoretical material on this topic, and it was related to the practical material. The answers of the respondents regarding the questions of each survey were fully analyzed, the factors related to the formation of new religious names in our language were studied in detail, and conclusions were made. Based on the analysis, the main lexical and semantic features of the new terms are identified. In the future, it is recommended to conduct a relatively broader analysis of religious vocabulary in other Turkic languages and study its impact on youth slang and media discourse.

**Keywords:** extralinguistic factors, direct speech, borrowed religious words, language activity, diachronic, synchronic methods, new names, vocabulary, language situation

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 23.07.2025.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Карагулова Балгенже Сагидуллаевна – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-0545-977X>, e-mail: [bkaragulova@mail.ru](mailto:bkaragulova@mail.ru)

Қайрат Асау Айниязұлы – PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0000-9172-8889>, e-mail: [asauqairat@gmail.com](mailto:asauqairat@gmail.com)

Мухтарова Сандугаш Сабыржановна – PhD, аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-9441-1035>, e-mail: [Sandy.mukhtarova1987@gmail.com](mailto:Sandy.mukhtarova1987@gmail.com)

***Информация об авторах:***

Карагулова Балгенже Сагидуллаевна – кандидат филологических наук, профессор, Актюбинский региональный университет им.К.Жубанова, Актөбе, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-0545-977X>, e-mail: [bkaragulova@mail.ru](mailto:bkaragulova@mail.ru)

Қайрат Асау Айниязұлы – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0000-9172-8889>, e-mail: [asauqairat@gmail.com](mailto:asauqairat@gmail.com)

Мухтарова Сандугаш Сабыржановна – PhD, старший преподаватель, Актюбинский региональный университет им.К.Жубанова, Актөбе, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0001-9441-1035>, e-mail: [Sandy.mukhtarova1987@gmail.com](mailto:Sandy.mukhtarova1987@gmail.com)

***Information about the authors:***

Karagulova Balgenzhe Sagidullayevna – Candidate of Philological Sciences, Professor, K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-0545-977X>, e-mail: [bkaragulova@mail.ru](mailto:bkaragulova@mail.ru)

Kairat Assau Ainiyazuly – PhD Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0000-9172-8889>, e-mail: [asauqairat@gmail.com](mailto:asauqairat@gmail.com)

Mukhtarova Sandugash Sabyrzhonovna – PhD, Senior lecturer, K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-9441-1035>, e-mail: [Sandy.mukhtarova1987@gmail.com](mailto:Sandy.mukhtarova1987@gmail.com)